

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 22 шілдеде № 2778 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 20.11.2014 № 2 шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитариялық инспекторының 2014 жылғы 03 маусымдағы № 109 ұсынысы негізінде, Қарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қарасу ауылдық округінің Еңбек ауылына ұсақ мүйізді малдар арасында жұқпалы бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Т. Арғынбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
ауылшаруашылығы министрілігінің
ветеринарлық бақылау және қадағалау
комитетінің Ақсу аудандық аумақтық
инспекциясы мемлекеттік мекемесінің
басшысы"

Келгенбаев Мұрат Дауылбайұлы

"19" маусым 2014 ж

"Ақсу аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасының
басшысы"

Темәрханов Берік Елемесұлы

"19" маусым 2014 ж

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК